

егемен  
Қазақстан

«Мені де ұмытпандар...»

ақын Еркеш Ибраһим туралы сыр-толғау

26.07.2017



Есімі республикамызға кеңінен танымал ақын Еркеш Ибраһим табиғаттың арсы-гүрсі мінезіне тартқан өлендерін дауылға балаушы еді. Қызыға жазатын, қызба мінезбен жырды нөсерлете төгетін. Ақын жүрегі әлденеге алаң-ды. Қынадай қырып салған кезді біледі. Қырсыққан саясат кесапатын астарлап болса да шығармасына арқау етсе, айызы қанар еді. Бірақ сол кезеңнің саясат қылышы ойын жарқыратып ашық айтса, қиып түсетінінен сескенеді. Өйткені аштық апатын поэма етіп жазған дарынды ақын Жақан Сыздықовтың аяқ басқаны аңдуда екенінен хабардар. «Ақын айтпағанда шындықты мөлдіретіп кім айтады. Жер бетіне бомба жарылды. Тіршілік бір түйір тарының қауызына тығылып тарылды. Аштық, індет, соғыс талайды жалмады. Талай тектінің тамыры үзілді, шаңырағы ортасына құлады. Оның себеп, салдарын біз айтпасақ, тарих шындығы шаң-тозаңға көміліп, жатып қалмақ па? Мен бәрін де көзіммен көрдім, қан кешудің ортасында жастығымды қалдырдым» – деп ақынның кең жүрегінде ойлар қылаңдаса да, екінің біріне сырын ашып айтпайтын еді.

Еркеш ақынмен ет жақын, інісіндей бауыр басып жүрген кезде алдымыздағы биік шыңдарға өлеңнің ақ отауын тігіп самғаған ағаларымыздың қадамына сүйсініп, еліктеп өстік. Бізге олардың әрбір сөзі, ақыл-кеңесі, кейде еркелеткені, көтермелеп айтқаны аса қымбат, талмас қанат еді. Шығармашылықтың алтын балдағын ұстаған үлкен тұлға деп сезінетін едік.

Еркеш кейде біреуге ренжісе «Інім, боссың ба, шаруашылықтарға кеттік» деуші еді. Сондай жолсапарлардың бірінде: «Балалығым ауыр өтті...Ақыл жеңген екеуіміз қатар өстік. Жоқшылық, ішіп асқа, киіп киімге жарымадық. Оқулық тапшы....Шүберек сөмке. Ашқұрсаққа сол сөмке де ауыр. Бірақ, барлығының тілегі соғысты жеңіспен аяқтап, тұрмыстың жақсаруына үмітті. «Жоқтық көрген жетелі» деген сол шығар. Сенімінің түп-тамырын шірітпеген әкелеріміз бен аналарымыз о дүниелік болса да бізді ұмытпаңыздар дегендей, үн шалынады құлаққа» деген ойлары жетім жүректің сеңін қозғайтын. Үйленгеніне бір ай толмай майданға кеткен ағамыздың зайыбы біреу түннің бейуағында есік қақса, жары келіп қалғандай есікке жүгіріп, бейтаныс біреу болса көз жасын төгіп жылайтын оқиғасын айтқанымда Еркеш осы шындық дерекке байланысты айналасы екі-үш күнде «Бір келіншек» деген поэма жазып, республикалық басылымдарда жариялағанда соғыста жақынын жоғалтқандардың, жесірлердің қайғы-мұңын қозғап дүр сілкіндіріп еді.

Бірде Еркеш: «Мұзды мұхитты жарған атом кемесіндей прозаның қатып қалған қағидасын бұзып, өзгеше қырымен, ерекше екпінмен келе жатқан талантты жазушы Әкім Таразидың «Құйрықты жұлдыз» деген кітабын оқы, көп нәрсе үйренесің, шығармада батылдық, алғырлық бар» деп Әкімнің жаңа кітабын сыйлады. Көкшетаудағы редакцияда Жомарт, Маман, Төлеген, екі Сәкен сықылды жастар қызмет істедік. Бәрімізді Еркеш туған інісіндей жақсы көретін. Сәл қиындық көрсек, Еркеш пен Естайдың және Өміржан мен Тұрсынбайдың жүрегінің жылуына марқайып қалатын едік. Ұстаздың жылылығы, оның мөлдір шуағы ата-ананың жұмсақ жүрегінен кем болмайтын еді. Еркештің:

– Менің үзеңгілес іні замандастарым Қадыр, Тұманбай, Сағи, Жүмекен және басқалары ұмытылар ма, бәрінің де қалың оқырманы бар. Біздің қазақтың жазушылық, ақындық шеберлігі әлемдік деңгейде. Оны дүниежүзі таниды әлі» дегені жадымызда.

Кейін уақыт алға озып, әркім өзінің басын күйттеп кеткен тұста Еркеш Қарағандыға ауысты. Арада біраз жылдар өтті. Бірде сол қалаға ағайым Мұса

Жуасовтың ауырып, емделіп жатқан кезінде жол түсті. Ағадан денсаулығын сұрап отырғанда:

– Еркеш екеуіміз бір палатада жатып едік, марқұм жаны қиналып «Ақыл, Ақыл, Ақыл» деумен көз жұмды, – деп еске алды. «Ақыл қаршадайынан сүйіп қосылған жары», дедім. Адам дүниеден өтерде ең сүйіктісін көз алдына елестетеді екен ғой.

«Мені де ұмытпаңдар!?» дегендей әсерде қалғанымды ақын Қайрат Жұмағалиевке айтқанымда:

–Еркеш ұмытылатын ақын емес қой, қазақ әдебиетімен бірге жасайды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында «Гүлдер» ансамблінің шығармашылық бағдарламасының жобасын жазуды тапсырды. Өнер ұлттық тарихымызды қамтысын деген оймен өткен нәубет жылдардан ащы шындықты іздеп, Еркештің «Нан» деген поэмасынан аштық туралы үзінді алдым. Бұл «тапқырлығым» талқылау кезінде «үлкен үйдегілерге» ұнамады. Егер сол кезде Мәдениет министрінің парасатты сөзі болмағанда коммунистік тегеурін телпегімді теріс қарататын түрі бар еді. Сонда осынау сұрапыл кезді елемей, Еркештің аштық туралы батыл жазғаны маған үлкен ерлік болып көрінді», – деген-ді.

Иә, толарсақтан қан кешкен кезенді толғау ердің ерінің, егеудің сынығының қолынан келгенін бүгінгі қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары, Еркештің замандастары ілтипатпен еске алып айтары анық.

Осы күнгі атақ-даңқ, бақталастықтың сыпсыңын естігенде өз басым Еркеш сынды ақынның даңқын екі дүниеде де кір шалмайтынын түсініп, оның аруағы «Мені де ұмытпаңдар?» деп мұңая үн қатқандай сезінемін. Бұл – бір жағынан, Қазақстан Жазушылар одағына, туған жері – көрікті Көкше еліне аманат. Ең болмаса, күнпарақ арқылы ақын-жазушылардың өмірдерегін ұрпаққа жеткізіп отырса дейміз-ау. Мысалға, бауырлас Башқұртстанда әрбір жылдың күнпарағында ақын, жазушыларының өмірдерегін беріп, мектептеріндегі мұрағат мүйістеріне кітаптарын қойып, оны оқушыларға талдатып, жастардың санасына сіңіреді екен. Біз неге өйтпейміз, өлгендер даңқты болып кетеді деп қызғанамыз ба?

«1932 жылы Жезқазғанда халықтан тартып алған малдың еті жөнелтілмей, бір жыл бойы далада өртеніп жатты. Ал халықтың аштан қырылғанына саясатшылардың басы ауырған жоқ. Сонда ажал тапқандардың аянышты үні құлағымда күңгірлейтіндей. Бұл – халықтың шемен-шері, Еркештің «Нан»

поэмасының зары. Сондай зұлмат нәубетін ұрпаққа енді кездестірмесін», – деп толғаған.

Еркін Томпиев Балқашта әкесінің есіміне көше атауын беруге бұрынғы Одаққа танымал металлург Алтынбек Дәрібаев ерекше ықпал еткенін айтады. Ал сол Алтынбек туралы Еркеш Ибраһимнің «Аңыз аға» туындысы да біздің толқынның сүйіп оқитын шығармасы болған еді. Иә, Еркеш шығармаларының мәні, маңызы жойылмайтыны да өмір шындығын өрнектеп қалдыра білуінде және еңбек адамдарының тағдырын өлеңмен өріп, тірілердің жүрегінде өшпестей сәуле тастауында еді. Өмірден өткеніне отыз жыл өтсе де небір мерейтойы атап өтілмей, небір көше бұйырмай рухы қапаланған қазақтың айкөл ақынының өлең-дастандарындағы Адамдық, Ерлік, Ізгілік, Махаббат ұлылық бастауындай. Оны қалай ұмыта аламыз?!

Табыл ҚҰЛИЯС, жазушы